ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН ШЕШІМ

2024 жылдың 23 тамыз Іс № 5501-24-00-2/2420 Павлодар қаласы

Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты төрағалық етуші судья Е.Т. Магзумов оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде азаматтық істі қарап,

ТАЛАПКЕР:
Павлодар облысы білім беру басқармасы Ақсу қаласы білім беру бөлімінің «Қанаш Қамзин ауылының Қанаш Қамзин атындағы жалпы орта білім беру мектебі» комуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Адина» жеке кәсіпкердің атынан Гулназ Мамбетовна Арпабекова

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану;

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Тараптардың қатысуынсыз

ҚАРАР БӨЛІГІ:

ҚР АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып сот,

ШЕШТІ:

Павлодар облысы білім беру басқармасы Ақсу қаласы білім беру бөлімінің «Қанаш Қамзин ауылының Қанаш Қамзин атындағы жалпы орта білім беру мектебі» комуналдық мемлекеттік мекемесі «Адина» жеке кәсіпкердің атынан Гулназ Мамбетовна Арпабековаға мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызы - қанағаттандырылсын.

«Адина» жеке кәсіпкердің атынан Гулназ Мамбетовна Арпабекова мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Адина» жеке кәсіпкердің атынан Гулназ Мамбетовна Арпабековадан мемлекеттің пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық

алты) теңге көлеміндегі мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге түпкілікті формада шығарылған күнінен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар оларға шешімнің көшірмелерін жіберген күннен бастап бір ай ішінде Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Павлодар облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық наразылық білдіре алады.

Судья **Е. Магзумов**

Құжатқа қол қойылған: Магзумов Е. Т., 23.08.2024

Заңды күшіне енген күні: 04.10.2024, судья Магзумов Е. Т., 08.10.2024

5501-24-3-1/2659